



**Автор:** Машенова Алмагуль Алимовна

**Пән:** Дүниежүзі тарихы

**Сынып:** 8-сынып

**Бөлім:** Революциялық идеялардың XIX ғасырдағы Еуропаға әсері

**Тақырып:** Италия мен Германияның бірігу жолдары қаншалықты бір-біріне ұқсас болмады?

Оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтемеу):	7.3.1.4 - әр түрлі елдердің бір уақыт кезеңіндегі тарихи оқиғаларын салыстыру арқылы ұлттық мемлекеттердің (Германия, Италия) қалыптасу маңызын анықтау; 7.3.2.5 - тарихи оқиғаларды түсіндіру үшін «либерализм», «консерватизм», «социализм», «марксизм», «ұлтшылдық» ұғымдарын қолдану.
Сабақтың мақсаты:	<b>Барлық оқушылар:</b> Италия мен Германияның бір уақыт кезеңіндегі тарихи оқиғаларын салыстыру арқылы ұлттық мемлекеттің құрылу маңызын анықтайды; тарихи оқиғаларды түсіндіру үшін «либерализм», «консерватизм», «социализм», «марксизм», «ұлтшылдық» ұғымдарын қолданады. <b>Оқушылардың басым бөлігі:</b> тарихи оқиғаларын салыстыру арқылы ұлттық мемлекеттердің маңызын анықтауда мемлекеттердің экономикалық-саяси дамуына әсер еткен тарихи тұлғалардың рөлін сипаттайды; тарихи оқиғаларды түсіндіру үшін «либерализм», «консерватизм», «социализм», «марксизм», «ұлтшылдық» ұғымдарының мәнін ашады. <b>Кейбір оқушылар:</b> Италия мен Германияның қалыптасуына әсер еткен тарихи тұлғалардың рөлін бағалайды; 1848-1849 жылдардағы революциялардың ұқсастығы мен ерекшеліктерін түсіндіру үшін «либерализм», «консерватизм», «социализм», «марксизм», «ұлтшылдық» ұғымдарын жіктейді.
Тілдік мақсаттар:	Оқушылар: Италия мен Германияның бірігу жолдары қаншалықты бір-біріне ұқсастығын талқылайды. Италия мен Германия мемлекеттерінің бірігу себептері мен салдарын зерделейді <b>/оқылым/</b> . 1848-1849 жылдардағы революцияның мақсаттары мен қорытындыларын талдайды <b>/айтылым/</b> . Ұлттық мемлекеттердің экономикалық-саяси дамуына әсер еткен тарихи тұлғалар жайлы ой тұжырымдайды <b>/тыңдалым/</b> . Сабақ барысында жаңа сөздердің түсіндермесін дәптерге жазу жұмыстарын жүргізеді <b>/жазылым/</b> . Лексика мен терминология: саяси бытыраңқылық, революциялық жағдай, Неміс кедендік одағы, гроссбауэрлер, ұлттық қанау, бірігу <b>Сыныптағы диалог/жазылым үшін пайдалы тілдік бірліктер:</b> <b>Талқылауға арналған тармақтар:</b> Германия мен Италияда ұлттық мемлекет қалыптасты, өйткені ..... <b>Сіз неліктен екенін айта аласызба?</b> Неліктен О.Бисмарктың саясаты туралы әртүрлі деректер беріледі? <b>Жазылым бойынша ұсыныстар:</b> Италия мен Германия революцияларына ..... себеп болды.
Бағалау критерийлері:	- Италия мен Германияның бір уақыт кезеңіндегі тарихи оқиғаларын салыстыру арқылы ұлттық мемлекеттің құрылу маңызын анықтайды; - Италия мен Германиядағы тарихи оқиғаның нәтижелерін түсіндіру үшін «либерализм», «консерватизм», «социализм», «марксизм», «ұлтшылдық» ұғымдарын қолданады
Құндылықтарды дарыту:	Италия мен Германия мемлекеттерінің бірігуін талқылай отырып, «Мәңгілік Ел» жалпыұлттық идеясының «Тарихтың, мәдениет пен тілдің біртұтастығы» құндылығына баулу. Азаматтық жауапкершілік, өзге елдің тарихына құрметпен қарауға тәрбиелеу
Пәнаралық байланыс:	География, Қазақстан тарихы
Бастапқы білім:	1848 жылғы революциялар Еуропада қандай саяси идеяларды қалыптастырды? тақырыбындағы сабақта «7.3.2.5; 7.3.1.3» оқу мақсаты мен жұмыс жасаған, сол білімдерін Италия мен Германияны оқығанда 7.3.1.4 - әр түрлі елдердің бір уақыт кезеңіндегі тарихи оқиғаларын салыстыру арқылы ұлттық мемлекеттердің (Германия, Италия) қалыптасу маңызын анықтау; 7.3.2.5 - тарихи оқиғаларды түсіндіру үшін «либерализм», «консерватизм», «социализм», «марксизм», «ұлтшылдық» ұғымдарын қолдану - оқу мақсатымен жұмыста қолданады

### Сабақ барысы

Сабақ кезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
-----------------	------------------------	-----------

<p>Сабақтың басы (0-5 минут)</p>	<p><b>Ұйымдастыру шаралары:</b> Амандасу, сабақта жоқ оқушыларды белгілеу. (Егер сабақ кестесі бойынша кейінгі сабақ болса сергіту сәтін өткізу. Мысалы «От шашу»);</p> <p><b>Топтарға бөлу:</b> Мемлекеттердің аттары жазылған стикерлер арқылы («Италия», «Германия», «Франция») 3 топқа бөлу.</p> <p><b>Тапсырма 1. (БЫМ)</b> Оқушылардың сабақ тақырыбына қызығушылығын ояту мақсатына және олардың алдыңғы білімдерін анықтауға арналған ширату жаттығулары:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- Революциялық идеялардың барысында XIX ғасырдағы Еуропада қандай өзгерістер орын алды?</li> <li>- Италия мен Германия мемлекеттерінің карталарын көрсетіп, оқушыларға бұл мемлекеттерде не болып жатқаны туралы болжау жасату, сұрақтар қою арқылы диалогке тарту:</li> <li>- Картада қандай мемлекеттер бейнеленген?</li> <li>- XIX ғасырда бұл мемлекеттерде қандай өзгерістер болуы мүмкін?</li> <li>- Сонымен, біздің бүгінгі сабағымыздың тақырыбы не туралы деп ойлайсыздар? Сіздердің болжауларыңыз тура келді ме?</li> </ul> <p>Сабақтың тақырыбын, мақсаттары мен бағалау критерийлерін анықтау.</p>	<p>Топтардың аттары жазылған стикерлер</p> <p>«XIX ғасырдағы Батыс еуропа елдері» картасы: <a href="http://www.worldofcoins.ru/countri">http://www.worldofcoins.ru/countri</a></p> <p>Сұрақтар</p>
<p>Сабақтың ортасы (5-30 минут)</p>	<p><b>Тапсырма 2. М.</b> XIX ғасырдың соңы - XX ғасырдың басындағы Еуропа мемлекеттерінің саяси және экономикалық дамуы жайында ақпарат беру.</p> <p><b>Ж. «Атаулар туралы үш сұрақ» тәсілі.</b> Тақтаға тақырып бойынша 3 негізгі терминдерді (консерватизм, либерализм, социализм) жазып, оқушыларға осы атауларға байланысты келесі сұрақтарды қою:</p> <p><b>1) Қайда?</b> Бұл терминдерді сіздер бұрын қайда және қандай мағынада кездестірдіңіздер? <b>2) Қалай?</b> Өз тәжірибеңізден осы атауларды қалай қолдана- тыныңызға мысал келтіре аласыз ба?</p> <p><b>3) Қандай?</b> Осы сабақта бұл атаулар қандай байланыста болады деп ойлайсыз? <b>Тапсырма-3. /т/</b> Мәтінді оқып шығып, екі мемлекеттің бірігу себептерін анықтап, Венн диаграммасына толтырыңыз. 2 айырмашылығын және 1 ұқсастығын анықтаңыз.</p> <p><b>Дескриптор:</b></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- Италия революциясының әлеуметтік -экономикалық себебінің екінші ерекшелігін анықтайды;</li> <li>-Германия революциясының әлеуметтік -экономикалық себебінің бірінші ерекшелігін анықтайды;</li> <li>-Германия революциясының әлеуметтік -экономикалық себебінің екінші ерекшелігін анықтайды;</li> <li>-революциялардың саяси және әлеуметтік-экономикалық жағынан ұқсастығын анықтайды.</li> </ul> <p>Топтар өздерінің зерттеу нәтижелерімен таныстырады</p> <p><b>КБ. Екі жұлдыз бір тілек.</b></p> <p><b>Ж. «Стикердегі диалог» әдісі.</b> Қабырғаға қиындық деңгейіне байланысты сұрақтар жазылған бірнеше түрлі-түсті қағаздар ілінеді. Топтар стикердегі тарихи тұлғалар жайлы сұрақтарға жауап береді, өз ойларын жазады, пікірлерін қорғайды.</p> <p><b>Тапсырма-4 /т/.</b> Берілген сұрақтар бойынша тұлғаға сипаттама беріңіздер.</p> <p><b>Жасыл түс:</b> Неліктен Джузеппе Гарибальдиді итальяндық ұлттық идеяның символы деп атады?</p> <p><b>Сары түс:</b> Камилло Бенсо Кавурдың біртұтас ұлттық мемлекет құру жөніндегі саясатының мәні қандай?</p> <p><b>Қызыл түс:</b> Отто Бисмарктың «Қан мен тер» саясатының қандай ұтымды және ұтымсыз жақтары болды?</p> <p><b>Дескрипторлар:</b></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- Д.Гарибальдидің тарихи тұлғасына баға береді.</li> <li>- К.Кавур саясатының мәнін сипаттайды.</li> <li>- О.Бисмарктың «Қан мен тер» саясатын талдайды</li> </ul> <p><b>КБ.</b> «Қосу, алу, керемет» арқылы бағалау.</p>	<p>Презентация</p> <p>постер, маркер, стикер.</p> <p>Оқулық: Алдабек Н. Дүниежүзі тарихы (1640-1900). 8-сынып Алматы: Мектеп, 2018.-208 б.</p> <p>Оқулық, кесте, ҚБ парағы, Дескриптор</p>

<p>Сабақтың соңы (3 минут)</p>	<p><b>Тапсырма-5.</b> Сабақты қорытындылауға «<b>Серпілген сауал</b>» әдісін қолдану. Оқушылардың тақырыпты талқылау сауалдарын ұйымдастыру: -Сіздің ойыңызша, «Жас Италия» ұйымы елді азат ету мен біріктірудің негізгі күші бола алды ма ? -Еуропадағы революциялық көтерілістердің тарихи маңызы бола тұра, не себепті сол елдердің алдында тұрған объективті міндеттерін толықтай шеше алмады? Өз ойыңды дәлелде. -Неліктен 1861 жылы Гарибальди Италияның оңтүстігіндегі билікті Виктор II-Эммануил корольге тапсыруды шешті деп ойлайсың? -Сыртқы саясатта милитаризм түрінде көрініс тапқан О.Бисмарктың «Қан мен темірдің саясаты» болмағанда, Германия күшті капиталистік державаға айналар ма еді ? <b>Дескриптор:</b> Еуропадағы революциялық көтерілістердің тарихи маңызын көрсетеді; 1861 жылы Гарибальди Италияның оңтүстігіндегі билікке қатысты мақсатын айтады; О.Бисмарктың сыртқы саясаттағы бағытын сипаттайды</p>	<p>Оқулық, суреттер</p>
<p>Рефлексия (2 минут)</p>	<p><b>Рефлексия.</b> «<b>3 минуттық үзіліс</b>» .Әр оқушы өзін-өзі формативті бағалайды. Төмендегідей фразалар ұсынылады: <b>-Мен... туралы хабардар болдым</b> <b>-Менің...жайлы айқын түсінік қалыптасқан тұсы...</b> <b>-Мені...таң қалдырғаны</b> <b>Мұғалімнің кері байланысы.</b> <b>Үйге тапсырма:</b> Тақырыптан ең негізгі деген 5 оқиға жаз.</p>	<p>Оқулық, 126-130 бб</p>